



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «ШЕЛЛ» КОНЦЕРНІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИЫҢҒА ҚАТЫСТЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев халықаралық энергетикалық өліміздің мұнай-газ саласындағы алғашқы шетелдік инвесторлардың бірі екенін атап өтті. Президенттің айтуынша, «Шелл» концернінің Қазақстандағы қызметінің 30 жылдығы сала тарихындағы маңызды кезең саналады.

Қиын-қыстау жылдары «Шелл» экономикамызға қомақты инвестиция құйып, жаңа технология, ғылыми жетістіктер мен басқарудың баға жетпес тәжірибесін әкелді. Біз компанияның бұл еңбегін жоғары бағалаймыз. Соңғы 30 жылда «Шелл» ел экономикасына 18 миллиард доллардан астам инвестиция салып, Қазақстандағы ең ірі шетелдік инвесторлардың бірі ретіндегі позициясын нығайтты, – деді Мемлекет басшысы.

Президент «Шелл» концерні басқа да серіктестермен бірге елімізде ауқымды мұнай-газ жобаларын белсенді жүзеге асырып жатқанын атап өтті. Компания әлемдегі ең ірі мұнай-газ конденсаты кен орындарының бірі – Қарашығанақтың операторы саналады. Қарашығанақты кеңейту жобасының көздерін уақтылы іске асыру сұйық көмірсутегін өндіруді 10-11 миллион тонна деңгейінде сақтауға ықпал етеді.

– «Шелл» концернінің және басқа да акционерлердің үйлесімді жұмысы

Қашағанның «ғасыр жобасын» іске қосуға мүмкіндік берді. Бүгінде Солтүстік Каспий жобасы жаһандық энергия нарығында маңызды рөл атқарады және еліміздегі мұнай өндірісінің 20 пайызын қамтиды. Көмірсутегін өндіруден басқа, оларды әлемдік нарықтарға тасымалдау үшін инфрақұрылым құрудың маңызы зор. Бұл бағыттағы алғашқы табысты жоба – Каспий құбыр консорциумы. Оны жүзеге асыруға «Шеврон», «ЭНИ», «Шелл», «Лукойл» және тағы басқа жетекші мұнай компаниялары қатысты, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстанда трансұлттық мұнай-газ корпорацияларының еңбек етуі еліміздің жоғары инвестициялық тартымдылығын көрсететінін, соның ішінде инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғау бағытындағы заңнаманың тұрақты сақталатынын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев компанияның әлеуметтік жауапкершілігіне арнайы тоқталды. «Шелл» өз жобаларында жұмысқа жергілікті кадрларды тартуға айрықша мән береді. Бүгінде Қарашығанақ және Қашаған жобаларында жұмыс істейтін қызметкерлердің 95 пайыздан астамы – Қазақстан азаматтары. Сондай-ақ аталған концерн «Күн энергиясы – мектептерге», «Шелл эко-марафоны» және басқа да жобаларды жүзеге асыра отырып, экологиялық мәселелерді шешуге жастарды белсенді тартады. Президент өзінің жуырдағы Жол-

дауында шағын және орта бизнесті дамытуға ерекше назар аударғанын еске салды. Оның пікірінше, «Шелл» бұл мәселені шешуге әлеуметтік тұрғыдан осал санаттағы жас кәсіпкерлер мен әйелдерді қолдау бағдарламалары арқылы елеулі үлес қосады. Компания оларға бизнес ашу үшін кеңес беру қызметтері мен бастапқы капиталды ұсынады. Мемлекет басшысы концерннің осы бағыттағы қызметін кеңейту үшін мол әлеует бар екенін атап өтті.

– Отандық кәсіпкерлермен кездесуде жергілікті инженерлер мен компанияларды міндетті түрде тарта отырып, жобалық дизайн кеңселерін Қазақстанға көшіруге жәрдемдесуді тапсырдым. Жергілікті өнім үлесін арттыру үшін өндірушілерімізге ірі мұнай-газ жобаларын іске асыруға жол ашу маңызды. «Шелл» концернінің белсенді және конструктивті ұстанымы Қазақстан экономикасын әртараптандыруға елеулі үлес қосып, компанияның имиджін одан әрі жақсартатынына сенімдімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы сөзінің соңында еліміздің өркендеуіне және орнықты дамуына зор үлес қосқаны үшін компанияға шынайы ризашылығын білдіріп, «Шелл» концерні Қазақстанның энергетика саласындағы стратегиялық серіктестерінің бірі екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев компанияның бірқатар қызметкерін Қазақстанның мұнай-газ саласын дамытуға сіңірген ерекше еңбегі үшін мемлекеттік наградальармен марапаттады.

Атап айтқанда, Қазақстандағы «Шелл» концерні төрағасының орынбасары Құралбек Келжанов III дәрежелі «Барыс» орденімен, мемлекеттік органдармен байланыс жөніндегі менеджер Дияс Жұбандықов «Құрмет» орденімен, еңбек ресурстары және сервистік қамтамасыз ету жөніндегі директор Сұлұша Избасарова және кен орындарын игеру жөніндегі менеджер Ғаділбек Әксікбаев «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен марапатталды.

akorda.kz

ЖЕР ЖӘННАТЫ ЖЕТІСУ



28 қыркүйек күні Қарабұлақ ауылы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде «Жер жәннаты Жетісу» атты «ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ КҮНІ» аясындағы іс-шара өткізілді.

Мерекелік шара аудан әкімі Елдос Ахметовтың құттықтауымен ашылды.

Ескелді би Жылгелдіұлының 330 жылдығына орай тұрғындардың назарына қойылым ұсынылды.

Халқымыздың ұмыт қалған салт-дәстүрлері көрсетілді.

Ағаш бұйымдарынан және өнімдерінен жасалған заттар, кітап, сурет, ауданның мәдени жетістіктері туралы ұйымдастырылып, ауданымыздың өнертапқыштардың жасаған жұмыстары ұсынылды. А у л ш а р у а ш ы л ы қ өнімдері мен ауданда шығарылатын өнімдердің жермеңкесі өтті. Сондай-ақ, көркемөнерпаздарының қатысуымен концерт өткізілді.



ТАМАРА ДҮЙСЕНОВА «АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ: «ӘР ТИЫН МАҚСАТТЫ ЖҰМСАЛУЫ КЕРЕК»



ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Тамара Дүйсенованың төрағалығымен «Ауыл аманаты» жобасының орындалуы жөнінде кеңес өтті. Оған «AMANAT» партиясының, ауыл шаруашылығы, цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктерінің, облыстық әкімдіктердің өкілдері қатысты. Жиын барысында аралық нәтижелер қаралып, келелі мәселелер талқыға түсті. Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Бағлан Бекбауов

бағдарлама аясында бөлінген 100 млрд теңгенің 51%-дан астамы игерілгенін жеткізді. Алайда кей өңірлерде бұл көрсеткіш 10%-ға да жетпейді. Есесіне кей аймақтар бекітілген соманы толық игеріп, несие алуға өтініштер қ а б ы л д а у д ы тоқтатты. Мәселен, Қостанай облысы әкімінің орынбасары Ринат Мұхаметқалиев бүгінге дейін 141 жобаға өтініш келіп түскенін айтты. Ал бөлінген 1,6 млрд теңге жеткіліксіз, тағы 800 млн теңге қажет.

«Ауыл шаруашылығы министрлігі бұл сұрақты заң аясында пысықтасын. Егер қайшылық болмаса, игермей жатқан өңірлерден қысқартып, сұранысы көп аймақтарға мүмкіндік беру керек», — деді Тамара Дүйсенова.

«Ауыл аманаты» жобасы аясында ауыл тұрғындарына 5-7 жылға 2,5 проценттік үстемемен микро-несие түрі бәріне бірдей қолжетімді емес. Мәселен, Түркістан облысында ұстаздар мен дәрігерлер секілді бюджеттік мекеме қызметкерлері бағдарлама шеңберінде несие алуға ынталы. Дегенмен кредит беру Ережесінде мұндай мүмкіндік қаралмаған. Талқылау қорытындысы бойынша бұл сұрақ қосымша пысықталатын болады.

Жоба ауылдық елді мекендерде тұратын азаматтардың әл-ауқатын, тұрмыс деңгейін арттыруды көздейді. Сол себепті Тамара Дүйсенова жобаны жүзеге асыру барысында туындаған кедергілерді дер кезінде жойып отыру керектігін қадап айтты.

«Әр тиын мақсатты жұмсалуды шарт. Санды қуып, сапаны ұмыт қалдыруға болмайды», — деп түйіндеді Тамара Дүйсенова.

primeminister.kz

ЭЛЕКТРОНДЫ ҚЫЗМЕТ - ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫН ДАМУ ТУДАҒЫ НЕГІЗІ



Мемлекеттік қызметті электронды үкімет арқылы алудың басты артықшылығы – уақытты қысқартуға және олардың сапасын арттыруға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қауіпін барынша жоюға едәуір мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда техника, технология жетістіктерін шеберлікпен пайдаланудың арқасында мемлекеттік органдар мен үкіметтік ұйымдар осы электронды үкімет жүйесі арқылы ел азаматтарымен тұрақты қарым-қатынас жасаудың тиімді жолдарын тапты. Оның тиімділігі — қажетті ақпаратты жедел береді, мемлекеттік қызмет

көрсетуді оңтайлы етеді және шығынның аздығымен әрі ашық, жариялылығымен ерекшеленеді. Үкіметтік ұйымдардың да өзара тығыз байланыста жұмыс істеуіне ықпал ете алады.

Керекті құжаттың электронды нұсқасын пайдалану арқылы қағазбастылық артта қалып, халыққа қызмет көрсету сапасы артып келеді. Бұл – электронды үкіметтің игілігі. Ал электронды құжат экономиканы дамытудың негізгі тетігі екені анық. Үкіметтің бүгінгі ұсынып отырған электронды қызметтерін жұртшылық электронды цифрлық қолтаңба арқылы алады. Қазір елімізде электронды үкіметтің www.egov.kz пор-

талы жұмыс жасайды. Аталмыш порталда мемлекеттік органдардың барлық ақпараттарына қол жеткізуге болады. Бүгінде www.egov.kz порталында экономика, білім, мәдениет, еңбек, денсаулық, спорт, туризм және адам өмірінің өзге де салалары бойынша ақпараттық қызмет көрсетіледі.

Порталдағы барлық қызметтерді қолдану үшін азаматтарда алдымен электронды цифрлық қолтаңбасы (ЭЦҚ) болуы қажет. Электронды цифрлық қолтаңба портал арқылы үйден шықпай-ақ мемлекеттік қызметтерді алу үшін өте қажет. Бұл ыңғайлы әрі қолжетімді.

Мәселен, ЭЦҚ арқылы жылжымайтын мүліктің бар-жоғы туралы, зейнетақы аударымдары, несиелік тарихы туралы және тағы да басқа құжаттар еш кедергісіз беріледі. Сонымен қатар кез келген тұрғынның мемлекеттік органдардан анықтамалар алуға, мемлекеттік сатып алуларға қатысуға мүмкіндіктері бар.

«Жалғызбағаш ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы А.Жунусова 2023 жылдың 3 тоқсанында www.egov.kz порталы арқылы мемлекеттік қызметтерді алу мәселелері бойынша халықпен ақпараттық-түсіндіру және әдістемелік оқыту брошюраларын тарату бойынша жұмыс жүргізді. Сонымен қатар әкімшілік ғимаратында «Электрондық үкімет және электрондық қызметтер» - атты акциясы өткізілді. Осындай оқытулардың нәтижесінде ауыл тұрғындары Жалғызбағаш ауылдық округі әкімдігі ғимаратында орналасқан өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы арқылы өз беттерінше қажетті электронды құжаттар нұсқасын алуда.

«Жалғызбағаш ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАУҚАРЛЫ КҮРЕС ҚАЖЕТ



Жемқорлық мемлекет пен қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр.

Бұл дерттің жаппай жойылу жолын халықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын қалыптастырудан бастауымыз керек. Ендеше, халыққа жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынуына және орындауына көмектесудің алғы

шарттарының бірінен саналады. Атап айтқанда, ол үшін, ең алдымен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қажет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда адам адамгершілікке жат қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Сыбайлас жемқорлықты қабылдау және күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп біліп, жемқорлыққа жол бермейік!

С.С.КАМЕТЖАНОВ,
«Төлеңгіт ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінің бас маманы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚАУІПТІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰБЫЛЫС!



ТОҚТА СТОП СТОП

Қазіргі таңда еліміздің дамуына бірден-бір кедергі және үлкен проблемалардың бірі, бұл-сыбайлас жемқорлық болып табылады. Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні,

демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек. Әрине, сыбайлас

жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес, бұл тамырын тереңге жайған, өзге сау органдарын шырмал, тыныс-тіршілігін тарылтатын, сөйтіп олардың толыққанды қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті кесел. Оны емдемес бұрын аурудың пайда болу, даму, таралу жолдарын біліп, дерттің қозуына қолайлы жағдай тууына жол бермеу керек. Ол үшін бұл ауруға қоғам болып қарсы тұруымыз қажет. Яғни бұқара көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көрністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойылып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс. Сонда ғана халық сенімінен шығатынымыз сөзсіз. Осы қатерді түпкілікті жою үшін әр қазақстандық, әр отбасы «сыбайлас жемқорлық» өз бойындағы дерт деп ұғынып, барынша күресуі қажет!!!

А.Т.ЖУНУСОВА,
«Жалғызбағаш ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің бас маманы

ДОСТУПНОСТЬ - ЭЛЕКТРОННЫХ ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ



Следуя общемировой тенденции, Казахстан планомерно проводит политику по повышению качества и доступности государственных услуг.

На сегодняшний день 80% всех услуг переведены в электронный формат, которые получают из веб-портала «электронного правительства», благодаря которому государственные услуги в электронном виде можно получить через смартфоны, планшеты, а также традиционный сотовый телефон. Кроме этого, электронное правительство является одним из антикоррупционных инструментов.

ГУ «Аппарат акима Кокжарыкского сельского округа» предоставляет

следующие государственные услуги:

- «Постановка на очередь на получение земельного участка»,
- «Выдача решения на изменение целевого назначения земельного участка»,
- «Предоставление земельного участка для строительства объекта в черте населенного пункта»
- «Приобретение прав на земельные участки, которые находятся в государственной собственности, не требующее проведения торгов (конкурсов, аукционов)»

Чтобы воспользоваться электронными услугами необходимо, прежде всего, иметь электронно-цифровую подпись (далее - ЭЦП) получить ее можно в центре обслуживания населения (ЦОН) либо в уголке самообслуживания на портале egov.kz либо на сайте rki.gov.kz сохранить его на носителе как флеш карта, удостоверение личности либо сохранить в цифровом облаке.

Так же в здании акимата действует уголок самообслуживания где в любое время вы можете получить все необходимые услуги (все виды справок) мы обязательно Вас проконсультируем и окажем помощь в получении той либо иной услуги.

Каждый из Вас имеет право обратиться с жалобой в Департамент по делам государственной службы и противодействию коррупции по телефону 8 (7282) 241191, 8(7282)240688 для защиты своих прав, свобод и законных интересов при получении государственных услуг, а также для внесения предложений по улучшению качества их предоставления.

ҚОЛЖЕТІМДІ - ЭЛЕКТРОНДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

Жалпы әлемдік үрдіске сүйене отырып Қазақстан мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру бойынша саясатты жоспарлы түрде жүргізеді.

Бүгінгі таңда барлық қызметтердің 80% «электрондық үкімет» веб-порталынан алынатын электрондық форматқа ауыстырылды, соның арқасында мемлекеттік қызметтерді смартфондар, планшеттер, сондай-ақ дәстүрлі ұялы телефон арқылы электрондық түрде алуға болады. Бүгінгі таңда электрондық үкімет сыбайлас жемқорлыққа қарсы құралдардың бірі болып табылатындығы рас.

«Көкжарық ауылдық округінің әкімі аппараты» ММ-сі келесі мемлекеттік қызметтер түрін көрсетеді.

- «Жер учаскесін алу үшін кезекке

қою»,

- «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру»,
- «Елді мекендер шегінде объектілер салу үшін жер учаскелерін беру»
- «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу»

Электрондық қызметтерді пайдалану үшін, ең алдымен электрондық-цифрлық қолтаңба (бұдан әрі-ЭЦҚ) болуы қажет, оны Халыққа қызмет көрсету орталығына (ХҚКО-ға) жүгініп немесе өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышынан egov.kz порталынан немесе rki.gov.kz сайтынан алып, әрі-қарай флэш-карта, жеке куәлікке немесе сандық бұлтқа жүктеп сақтауға болады.

Сондай-ақ, әкімдік ғимаратында өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы

жұмыс істейді, онда кез келген уақытта сіз барлық қажетті қызметтерді (анықтамалардың барлық түрлерін) ала аласыз, біз сізге міндетті түрде кеңес береміз және қандай да бір қызметті алуда көмек көрсетеміз.

Сіздердің әрқайсыларыңыз Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл департаментіне телефон арқылы шағымдануға құқығыңыз бар. Мемлекеттік қызметтерді алу кезінде өз құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау үшін, сондай-ақ оларды ұсыну сапасын

жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізу үшін 8 (7282) 241191, 8(7282)240688 байланыс телефондары.

А.К. АЛПЫСБАЕВА,
«Көкжарық ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ бас маманы. (87283635182)



А.К. Алпысбаева,
главный специалист
ГУ «Аппарат акима Кокжарыкского сельского округа» (87283635182)

